



12 қараша, сейсенбі 2024 жыл

# Сыр бойы



№174 (20848)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi\_kz/
- www.instagram.com/syrboyi\_kz
- t.me/syrboyi\_kz
- twitter.com/syrboyi

### САПАР



Суреттер гүлперен К.Есманов

## МАҢЫЗДЫ НЫСАНДАР МИНИСТР НАЗАРЫНА ҰСЫНЫЛДЫ

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев Сыр өліне жұмыс сапарымен келіп, аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстарды көрді, тұрғындармен кездесті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алдымен сол жағалаудағы жаңадан ашылған автовокзал жұмысымен таныстырды. Жаңа автовокзал – халықтың талап-тілегі мен сұранысына сай салынған жаңа нысан. Мұнда жолаушылар мен жүргізушілерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық жағдай қарастырылған.

«Қызылорда автобус паркі» ЖШС-нің базасында 5 қуаттағыш қондырғы, «Qazaq Energy Charge» компаниясы қаланың бірнеше жерінде қуаттау бекеттерін орналастырған. 2022-2024 жылдары Қызылорда қаласының қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы табиғи газбен жүретін 300 «Yutong ZK6852 HG» автобусы алынды.

Мұнан бөлек, министр «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» жолының жалпы ұзындығы – 242 шақырым, ал Қызылорда облысының аумағындағы бөлігі – 216 шақырым. Қазір құрылыс жұмыстары 65% аяқталып, жыл соңына дейін 140 шақырым жолды пайдалануға беру жоспарланған. Негізгі аталған автомобиль жолының құрылыс кезеңі 2022-2026 жылдар аралығын қамтиды.

Марат Қарабаев «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту республикалық маңызы бар жоба екенін, құрылысты сапалы жүргізудің маңызын атап өтті.

Жолаушылар осы жерден халықаралық және түрлі бағыттағы 38 бағытқа сапарға шыға алады. Тәулігіне 200 жолаушыға қызмет көрсетілетін ғимарат аумағына жолаушыларды түсіруге – 6, сапарға шығатындарға арналған 11 перрон жасалған. Бұған қоса автобустарға қосымша 30 орындық автотұрақ бар.

Әрі қарай министр жолаушылар тасымалы қызметін одан әрі жетілдіруде, қоғамдық көлік мәселесін шешуде атқарылған жұмыстармен танысты.

«Экотакси» қызметін ұйымдастыру үшін «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-не «JAC E17» маркалы 100 электромобиль сатып алынды. Бүгінде 52 электромобиль қала тұрғындары мен қонақтарына күнделікті қызмет көрсетуде, 48 көлікті мемлекеттік тіркеу жұмыстары жүргізілуде. Электромобильдер



## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Кеше сондай-ақ ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» облыс тұрғындарымен кездесу өткізді. Онда министр алдағы уақытта көлік саласын дамыту бағытында аймақта атқарылатын жұмыстар жөнінде аңгімелеп, көпшілік тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Кездесуді облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов жүргізіп отырды.

– Былтыр Сыр өңірінде өткен жүздеу барысында бірнеше мәселе көтерілген еді. Олардың барлығы облыстың дамуында ерекше орын алатынын білеміз. Солардың бірі ретінде Сексеуіл мен Бейнеу арасында салынатын жолды атап өтуге болады. Жалпы, аталған жоба бойынша екі нұсқа қаралған еді. Алғашқысы – Сексеуіл арқылы жүргізілетін болса, екіншісінде Шалқар бағыты қарастырылды. Өткен жылы Қызылордада өткен кездесу барысында жергілікті халық Сексеуіл нұсқасының тиімділігін дәлелдеуге тырысты. Қазіргі таңда тас жолдың Бейнеу мен Сексеуіл арасында салынуы дұрыс деген ұйғарымға келдік. Жолдың ұзындығы – 736 шақырым. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі қолға алынып отыр. Әрине, бұл нұсқаның тиімділігі бар. Ал Шалқар бағытынан келетін ескі жол

жөндеуден өткізіледі. Жоспар бойынша жол құрылысы 2027 жылы басталады. Елімізде оған дейін жүзеге асып жатқан ауқымды жобалар бар. Осыған байланысты олардың әрбірі кезең-кезеңімен жүзеге асады, – деді министр.

Қазір облыс аумағында «Қызылорда-Жезқазған» жолының құрылысы жүріп жатса, алдағы жылдан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізінің Қызылорда қаласы мен Ақтөбе облысына дейінгі бөлігін төрт жолақты етіп кеңейту басталады.



2-бет

Суреттер гүлперен Нұрболан Нұрмұқан

## АГРОСАЛАДА ОҢ ДИНАМИКА ҚАЛЫПТАСТЫ

Был өңірде аграрлық саланы қолдауға 28,4 млрд теңге қаржы, оның ішінде, субсидиялауға 17,3 млрд теңге бөлінді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев айтып берді.

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде осы жылдың 9 айында ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 3,8%-ға (147,5 млрд теңге), қайта өңдеу өнімдерінің көлемі 3,3%-ға (76,6 млрд теңге), ауыл шаруашылығы негізгі қорына салынған инвестиция 19,7%-ға (11,9 млрд теңге) артқан.

Облыс бойынша 189,4 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, агротехникалық талаптарға сай мерзімінде толық жинап алынды. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 85,6 мың гектарды құрап, әр гектардан 58 центнерден өнім алып, қамбаға жарты миллион тоннаға жуық күріш жиналды.

Су мәселесіне келсек, Мемлекет басшысының және Үкіметтің қолдауымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан көрші мемлекеттермен дер кезінде келіссөздер жүр-

гізіліп, нақты қолдау жасалды. Нәтижесінде ескен егісіміз сумен толық қамтамасыз етілді. Бұған қоса, өндірісте суды үнемдейтін технологиялар қолдану қарқынды дамуда.

Су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 4400 гектарға жеткізілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 есе артты.

– Был өңірде 3 инвестициялық жобаны іске асыру жұмыстары басталды. Атап айтар болсақ, тамшылатып суару әдісімен 800 гектар жерге жүгері, жаңбырлатып суару әдісімен 184 гектарға сүрлемдік жүгері егілсе, 800 гектарға жаңбырлатып суару әдісімен жоңышқа егілді.

Соның жылдары дикандар күріш егістіктерінің 55 мың гектарын лазерлік тегістеуден өткізді. Нәтижесінде суды үнемдей отырып, өнімділікті 30 пайызға арттырды.

2-бет

## ТАРИХТЫҢ КЕМЕСІНДЕ, АЛПЫСТЫҢ БЕЛЕСІНДЕ

Был «Қызылқұм» қойнауында, аудан орталығынан 70 шақырым қашықта орналасқан «Іңқардария» ауылының құрылғанына 60 жыл толды. Осыған орай өткен сенбіде дала төсін дүбірлеткен той өтті. Мерейтойға Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрменбаев, республикадан, облыстан келген құрметті меймандар, ардагерлер мен ауыл тұрғындары қатысты.

Мерейтойлық шара ауыл кәсіпкерлерінің демеушілігімен пайдалануға берілген жаңа нысандармен танысудан басталды. Атап айтқанда, тойға келушілер ауылдарда бірінші болып ашылған газ құю бекеті мен балалар спорттық ойын алаңын және жастар саябағын тамашалады.

Аудан әкімі аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың елді мекендерді дамыту, оның ішінде кәсіпкерлік саласын өркендетуге ерекше мән беріп келе жатқанын атап, кәсіпкерлерге ризашылығын жеткізді.

4-бет

## ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ 11 МЛРД ТЕКШЕ МЕТР СУ ЖІБЕРЕДІ

Қазақстан Орталық Азия елдерімен жасалған келісімдер нәтижесінде 2025 жылдың сәуір айына дейін Сырдария өзені арқылы шамамен 11 млрд текше метр су алады. Бұл туралы Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәлімдемесін Егемеп, КЗ хабарлады.

Министр Нұржан Нұржігітов Түркіменстанның Ашхабад қаласында Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының (МСШҮК) 87-ші отырысына еліміздің атынан қатысты. Кездесуге Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және су шаруашылығы ведомстволарының басшылары, ал Қырғызстан елінің өкілдері бақылаушы ретінде қатысты.

Сонымен 1 сәуірге дейін еліміздегі «Шардара» су қоймасына 11 млрд текше метр су жіберіледі деп күтіліп отыр. Бұл 2025 жылғы суару маусымында еліміздің оңтүстік аймақтарына қажет су көлемін жинақтауға мүмкіндік береді.

«Был келіссөздер мен бірлескен жұмыстың нәтижесінде біз Сырдария өзені бассейнінде суды тиімді бөлуге қол жеткіздік. Сондай-ақ 86-шы отырыс қорытындысы бойынша бірлесіп атқарылған жұмысқа оң бағамды бергім келеді», деді министр Нұржан Нұржігітов.

Айта кетейік, МСШҮК 88-ші отырысы 2025 жылдың бірінші тоқсанында Душанбе қаласында өтеді.

### ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Был елімізде 8 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы сатылған. Бұл былтырғымен салыстырғанда 52 пайызға артық. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегін 24.кз бөлісті.

Бүгінде агротехника өндірісінің жылдық көлемі 263 млрд теңге. Келер жылы көрсеткішті 300 млрд-ға жеткізу көзделіп отыр. Сондай-ақ қазір машина жасау саласындағы 20-дан аса кәсіпорын тіркеме және аспалы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын шығарып, импортқа тәуелділікті азайтқан. Бұған қоса, салада тағы он өзгерістер бар. Был жүгері дәнінің экспорты 1,5 есе өсіп, 117 мың тоннаны құрады. Тәжікстанға тасымалдау 38 пайызға өсті. Ал жасымдық экспорты 7 есе артса, оның басым бөлігі Еуропа елдеріне жіберілді. Мамандардың айтуынша, өнімді сыртқа шығару әлеуеті өскен, оның ішінде ірі нарықтарға, атап айтқанда Қытай, Иран, Өзбекстан, Ауғанстан және Парсы шығанағы елдеріне тасымалдануда.

### ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ТАПШЫ БОЛА МА?

Энергетика министрлігінің болжамына, 2030 жылға қарай электр энергиясы тапшы болады.

Қуат көзінің қажеттілігі 6 гигаватттан асады. Бүгінде елімізде 220 электр станциясы жұмыс істейді. Оның ішінде жалпы қуаты 2,8 гигаватт болатын 144 жаңартылатын энергия нысаны бар. Өткен жылы қосымша қуаттылығы 500 мегаваттқа жуық тағы 16 баламалы энергия көздері іске қосылды. Станция жабдықтарының тозу деңгейі 56 пайызды құрайды. Бұл туралы 24.kz хабарлады.

Ақпарат көздерінен

**БАСПАСӨЗ - 2025**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН**

**2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

«Сыр бойы» газетіне **6 айға жазылу бағасы:**

**жекелер үшін – 4000 теңге,**

**мекемелер үшін – 5000 теңге**

## ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ  
ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ  
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды

Жиынға қала, аудан әкімдері, басқарма, департамент басшылары қатысты.

Облыс әкімі аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарындағы негізгі міндеттерге тоқталды. Берілген тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуын саралады. Қолға алынған жобалардың жауапкершілігі бірінші басшыдан сұралатынын ескертті.

Сонымен қатар, жиында жылу маусымын кедергісіз өткізу, әсіресе, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды үздіксіз жылумен қамтамасыз ету міндеттелді.

Көгалдандыруға, абаттандыруға, тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізуге қатысты да тапсырмалар берілді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА  
АБАТТАНДЫРУ  
ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ  
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен жаңадан ашылған Оқушылар сарайы аумағына тал егу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстөмов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, экономист, сарапшы Олжас Құдайбергенов, қала, аудан әкімдері, мәслихат депутаттары, облыстық басқарма мен департамент басшылары қатысты.

Бүгінде өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Экологиялық бағдарламаны өңірде өткізудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мәңгілік ел» тақырыптарында апталық шаралар ұйымдастырылуда.

Тазалық шараларына 600 мыңнан астам ерікті, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты.

Осы жұмыстардан кейін 23 мың тоннадан астам қоқыс қалдықтары шығарылып, елді мекендердегі 505 сквер мен парк, 225 тарихи-мәдени

ескерткіш, 791 әлеуметтік нысан (мектептер, балабақшалар, спорт, денсаулық сақтау және т.б.), 4332 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 322 су объектісі (өзендер, көлдер, жасанды су айдындары, сұбұрқақтар, арықтар және т.б.), 47 451 көше бойы (6 929 көпқабатты үй мен 40 522 жер үйдің ауласы), «Өнегелі ұрпақ», «Мәңгілік ел» тақырыптарында апталық шаралар ұйымдастырылуда.

Көркейту-көгалдандыру жұмыстары да қарқынды жүргізіліп, өңір климатына жерінен 129358 қарағаш, терек және Сыр талының көшеті егілді.

Облыс әкімінің  
баспасөз қызметі

ПРЕЗИДЕНТ  
ТАПСЫРМАСЫНЫҢ  
ПӘРМЕНИ

– Бүгінде халықаралық жол бойында көлік қатынасының көбейгенін аңғару қиын емес. Олардың саны тәулігіне 28 мыңға жуықтайды. Мемлекет басшысы өңірге жасаған жұмыс сапары барысында жауапты сала басшыларына тиісті тапсырма берді. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі жасалды. Ол екі кезеңнен тұрады. Алдымен «Қызылорда-Жезқазған» жолында 35 шақырымға жуық айналма жасалып, одан кейін ұзындығы 435 шақырымды құрайтын жолды Аралға дейін жеткіземіз. Бұл бойынша айналма жолдың тендерлік рәсімі аяқталып, алдағы жылы құрылысы басталады. Ендігі кезекте мердігер мекемені айқындау қолға алынады. Ал желтоқсан айында одан әрі жалғастырып Аралға дейінгі аралықтағы жолдың техникалық-экономикалық негіздемесі мемлекеттік сараптамаға енгізіледі. Келесі кезекте қаржы көзін тауып, мердігер мекемелерді айқындау жүргізіледі. Ал құрылысы 2026 жылы басталады деп күтілуде, – деді Марат Қаримжанұлы.

Кездесу барысында көпшілік тарапынан теміржол саласы бойынша жолашушылар тасымалдау, Арал және Шиеді теміржол вокзалын жөндеу, еліміздің бірқатар

қалаларына әуе қатынасын ашу мәселелері бойынша сауалдар қойылды.

Министрдің айтуына, алдағы уақытта жолашушылар тасымалдау мәселесін жақсарту мақсатында елімізде швейцариялық «Stadler» маркалы вагондарды құрастыру ойластырылып отыр. Бұл вагондар 40 жылға дейін қызмет етуге жарамды. Сондай-ақ оған жауапты шетелдік компания он жылға дейін сервистік қызмет көрсетуге уәде беріп отыр. Бүгінде аталған вагондар Еуропада жоғары бағаланады.

– Алдағы уақытта елімізде 50-ден астам теміржол вокзалын жөндеу жоспарлануда. Өзірге бұл тізім нақтылану үстінде. Сол себепті сіздерден түскен ұсыныстарды қарастыратын боламыз. Ал Қызылордадан Ақтау және Қарағанды қалаларына әуе қатынасын ашу экономикалық тұрғыдан тиімсіз екені даусыз. Дегенмен еліміздегі туризм мәселесін жақсарту үшін «Қызылорда-Қоқшетау» бағытында әуе рейсін ашу ойластырылуда, – деді ведомство басшысы.

Кездесу соңында министр сала жұмысы бойынша ой-пікірін білдірген өңір азаматтарын жеке қабылдады.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

АГРОСАЛАДА ОҢ  
ДИНАМИКА ҚАЛЫПТАСТЫ

4400 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары нағандық жұмысқа қатысты. Сондай-ақ жаңадан 250 техника агропаркке қосылды, парк 5%-ға жаңаланды. Билал аймақтың күзгі егін науқанын жүргізуге 8,1 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді, таратылды.

Мал басы және оның негізгі түрлерін өсіру бойынша да тұрақты өсу бар. Бүгінгі таңда облыста 420,2 мың бас МІҚ, 673,3 мың бас қой мен ешкі, 253,5 мың бас жылқы, 65,4 мың бас түйе және 120,4 мың бас құс тіркелген. Есепті кезеңде 25,5 мың тонна ет (тірі салмақта), 33,9 мың тонна сүт және 5,5 млн дана жұмыртқа өндірілді.

Экспорттық әлеуетті арттыру және өткізу нарықтарын кеңейту жұмыстары жүргізілуде, – деді басқарма басшысы.

Мәселен, бүгінде 28,7 млн долларды құрайтын 52,9 мың тонна өнім (күріш,

балық өнімдері, қамыс, күріш қалдығы, бақша-көкөніс, қой мен ешкі) әлемнің 17 мемлекетіне экспортталыпты. Ал азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында инвестижобалардың жол картасы жасалып, аймақта алдағы жылдары 51,9 млрд теңгені құрайтын 31 жоба іске аспақ.

Биыл сала бойынша 7 млрд теңгені құрайтын 11 инвестициялық жоба қолға алынды. Бүгінгі күні жалпы құны 6,4 млрд теңгені құрайтын 9 жоба іске асқан.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жемілділігін 2,5 пайызбен несие беретін «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылуда. Осы жылы 4,6 млрд теңгеге 575 жобаны жүзеге асырып 610 жана жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Нақты кезеңде 1 млрд теңгеге 150 жоба қаржыландырылған.

«СБ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 8 ҚАРАШАДАҒЫ № 682 ҚАУЛЫСЫ  
ЖЕР ҮЧАСКЕЛЕРІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР ҮЧАСКЕЛЕРІН НЕМЕСЕ  
ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 қыркүйектегі №01-03/1532 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иелерінен және мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 8772,45 (сегіз мың жеті жүз жетпіс екі бүтін жүзден қырық бес) шаршы метр жер учаскелерін және жылжымайтын мүліктерді «Тәуелсіздікке 25 жыл» көшесін реконструкциялау» жобасын жүзеге асыру мақсатында осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 9 ақпан

болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүргінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыларды ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда қаласының  
әкімі **Н.АХАТОВ**

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы  
8 қарашадағы № 682 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің бұрынғы кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің қазіргі кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	Құқық түрі
1	10-156-028-559	10-156-091-325	Алишева Жадыра Тобаевна	930,0	жеке тұрғын құрылысы үшін	жеке меншік
2	10-156-028-490	10-156-091-021	Мадиев Түрбек Жолдасович	758,0	бағбандық үшін	жеке меншік
3	10-156-028-474	10-156-091-860	Абдахатов Женисбек Қадирбекович	800,0	бағбандық үшін	жеке меншік
4	10-156-028-492	10-156-091-772	Абдахатов Темірбек Қадирбекович	671,95	бағбандық үшін	жеке меншік
5	10-156-091-237	жеке тұрғын құрылысы үшін	Байбуланова Роза Нурфазовна	585,5	жеке тұрғын құрылысы үшін	жеке меншік
6	10-156-028-513	10-156-091-039	Жуантаева Ботағоз Бахытовна	1154,0	жеке тұрғын құрылысы үшін	жеке меншік
7	10-156-028-459	10-156-091-399	Пирмухамедов Арман Талғатович	910,0	жеке тұрғын құрылысы үшін	жеке меншік
8	10-156-028-491	10-156-091-737	Аргинбаева Перуза Аманкелдыевна	1000,0	жеке тұрғын құрылысы үшін	жеке меншік
9	10-156-031-1830	10-156-091-196	Жамадилова Алтынай Серікбаевна	910,0	бағбандық үшін	жеке меншік
10	10-156-028-700	10-156-091-401	Ильин Александр Геннадьевич	1053,0	бағбандық үшін	жеке меншік
		Барлығы:		<b>8772,45</b>		

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы  
8 қарашадағы № 683 қаулысы

ЖЕР ҮЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП  
ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР ҮЧАСКЕЛЕРІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ  
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ  
БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 23 шілдедегі №01-03/1228 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі Жұмасев Мейрамбек Тоғусовичтің жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Ақмаржан шағын ауданы, Жаппасбай батыр көшесі, № 42 ғимарат мекенжайында орналасқан коммерциялық мақсаттары үшін көлемі 5120,0 (бес мың бір жүз жиырма) шаршы метр (кадастрлық нөмірі 10-156-021-1108) жер учаскесінен қажетті көлемі 322,23 (үш жүз жиырма екі бүтін жүзден жиырма үш) шаршы метр бөлігі Қызылорда қаласы, Қожа Ахмет Ясауи көшесін Бөкейхан көшесінен Қорқыт Ата көшесіне дейін абаттандыру және көгалдандыру жобасы жүзеге асырылуына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 9 ақпан болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүргінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда қаласының әкімі **Н.АХАТОВ**

ТҮРҒЫН ҮЙЛЕР КҮРДЕЛІ  
ЖӨНДЕУДЕН ӨТҮДЕ

Қаладағы 18 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстарға 1 млрд 926 млн теңге бөлінген.

ҚЫЗЫЛОРДА

АРЫЛ

КАЗАЛЫ

ЖАЛПАУШ

ҚАРМАҚШЫ

СЫРДАРЯ

ШИЕЛІ

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

ЖАНАҚОРҒАН

## Аудан жаңалықтары

ТҮРҒЫН ҮЙЛЕР КҮРДЕЛІ  
ЖӨНДЕУДЕН ӨТҮДЕ

Қаладағы 18 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстарға 1 млрд 926 млн теңге бөлінген.

ОҚЫТУШЫЛАР СЕМІНАРДА  
БАС ҚОСТЫ

«Аманөткел» елді мекеніндегі №73 орта мектепте «Адал үл өр боп туса, ел тірегі» тақырыбында алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушыларының аудандық семинары өтті.

## «LANGI FEST»

Мектеп оқушылары арасында ләңгі тебүден «Langi Fest» атты облыстық жарыстың аудандық кезеңі Өйтеке би кентіндегі №249 мектеп-лицейде өтті.

Ұлттық ойын түрлерін кеңінен насихаттау, дене-шынықтыру және спортпен тұрақты шұғылдануға ынталандыру мақсатында өткізілген жарысқа аудан мектептерінен 65 оқушы қатысты. Оқушылар ләңгі тебүдін бес түрі бойынша сайысқа түсті. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері жеке-кейін командалық есепте анықталды.

## ТАБИҒИ ӨНІМДЕР САУДАЛАНДЫ

Ауданның шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлері 105 тоннадан астам сапалы өнім әкеліп, оны кент тұрғындарына ұсынды.

Жәрменкеге ет, сүт, көкөніс, жеміс-жидек және басқа да азық-түлік өнімдері қойылған. Табиғи таза өнімдер, ауылдың нағыз дәмі – күріш, ет, сүт, балық, көкөніс, мал азығы және өзге де ауыл шаруашылығы тауарлары нарықтан 10-15% төмен бағада болды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР  
МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Ауыл шаруашылығының көрнекті қайраткері Мәріпә Шәменовті еске алуға арналған дзододан 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир өз мәресіне жетті.

Дүбірлі долада Астана, Шымкент қалаларынан, Абай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Түркістан, Атырау, Ұлытау, Маңғыстау облыстарынан және Қызылорда қаласы мен аудандарынан келген 350-ге жуық спортшы 9 салмақ дәрежесінде бақ сынасты. Екі күнге созылған турнир нәтижесі бойынша 25 команданың ішінен Қызылорда қаласы I орын, Атырау облысы II және Жалағаш ауданы III орынды иеленді.

## ЖАҢА КӨПІРДІҢ ИГІЛІГІ

Тереңөзек кенті орталығынан «Өйтек» каналы өтеді. Аталған каналдан оқушылардың Ө.Тәжібаев атындағы №36 мектепке қатынасуы қиындақ туғызып, айналып жүруге мәжбүр болатын. Осыған орай, кент тұрғындарының өтінішімен Н.Лиясов көшесінен Н.Бердіқұлов көшесіне өту үшін жауап жүргізушілер жөнірі ашылды.

Құрылыс барысын аудан әкімі Берік Сәрменбаев тікелей бақылауында ұстап, тұрғындар өтінішінің сапалы орындалуын тапсырған болатын. Бүгінгі күні кент тұрғындары жаңа көпірдің игілігін көруде.

## «ҚАРҒАЛЫДАҒЫ» ТОЙ

«Қарғалы» елді мекенінің 50 жылдығына орай өткен мерекелік шараға аудан әкімі Айтбай Жандарбеков қатысты.

Жиында аудан әкімі ауыл тұрғындары мен қонақтарды айтулы мерекені құттықтап, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтау хатын ауыл әкіміне табыстады. Ардагерлер мен еңбек озаттарын марапаттады. Мұнан соң, ақындар айтысы ұйымдастырылып, Кенжебай Жүсіп, Нұрмат Мансуров, «Алтын домбыра» негері Мұхтар Ниязов бастаған ақындар тойдың сәнін келтірді.

СУ ТАСҚЫНЫНА  
ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аудан әкімі Мажит Самитовтың төрағалығымен мәжіліс отырысы өтті. Онда су тасқыны кезеңінде дайындық барысы және тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтылды.

Атап айтқанда, қыс-көктем мезгілдерінде су тасқынының алдын алу бойынша тиісті сала басшыларына құзырлы мекемелермен бірлесіп, жағдай күрделенген кезде жедел жұмылдырудың ұйымдастырылуын, төтенше жағдай кезіндегі эвакуациялық іс-шараларды пысықтау міндеттелді. Сонымен қатар, су тасқыны кезеңіне күштер мен құралдардың толық дайын болуы тапсырылды.

Дайындалған  
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

# Сыр бойы

№174 (20848) 12 қараша, сейсенбі 2024 жыл

# ҚҰЖАТ

# 3

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ  
23 қазан 2024 жыл №123 Қызылорда қаласы

## «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 63 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:  
1. «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 63 шешіміне мынадай өзгерістер енгізіледі:

- 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:  
«1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-көлемділерге сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бөліктіріледі:  
1) кірістер – 620 586 251,7 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 56 742 797,3 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 31 406 762,4 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 55 100,0 мың теңге; трансферттер түсімі – 532 381 592,0 мың теңге;  
2) шығындар – 622 717 293,2 мың теңге;  
3) таза бюджеттік кредиттеу – 38 612 646,4 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 51 433 838,5 мың теңге; бюджеттік кредиттер өтеуі – 12 821 192,1 мың теңге;  
4) қаржы активтерімен операциялық және қаржы активтері сатып алу – 2 679 242,9 мың теңге; мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;  
5) бюджет тапшылығы (профицит) – 43 422 930,8 мың теңге;  
6) бюджет тапшылығын қаражатпен (профицитпен пайдалану) – 43 422 930,8 мың теңге»;
2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Тасмұбетов

## 2024 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	01	01	1 Кірістер	620 586 251,7
			Салықтық түсімдер	56 742 797,3
01	01	01	Табыс салығы	32 212 098,3
			Жеке табыс салығы	32 212 098,3
03	01	01	Әлеуметтік салық	22 310 114,0
			Әлеуметтік салық	22 310 114,0
05	01	01	Тәуарларды, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 220 585,0
			Табиги және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 940 585,0
04	01	01	Қоспалар және әскери қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	280 000,0
			Салықтық емес түсімдер	31 406 762,4
01	01	01	Мемлекеттік міндеттен түсетін кірістер	1 335 503,0
			Мемлекеттік қасиырларындағы таза кіріс бөлігін түсімдер	151 279,0
5	01	01	Мемлекет меншігінің мүлкігі жағдайы беруден түсетін кірістер	110 005,1
			Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 074 218,9
03	01	01	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы откізуден түсетін ақша түсімдері	2 100,0
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы откізуден түсетін ақша түсімдері	2 100,0
04	01	01	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімшұлар, санкциялар, өндірі алулар	3 107 900,0
			Мұнай секторындағы өндіріс түсетін	3 107 900,0
06	01	01	Жәрдемушілерге өтемақы қорынан және білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін кірістерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімшұлар, санкциялар, өндірі алулар	26 961 259,4
			Басқа да салықтық емес түсімдер	26 961 259,4
3	01	01	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	55 100,0
			Мемлекеттік мекемелерге бөлінген мемлекеттік мүлкігі сату	55 100,0
4	01	01	Мемлекеттік мекемелерге бөлінген мемлекеттік мүлкігі сату	55 100,0
			Трансферттердің түсімдері	532 381 592,0
01	01	01	Төмен тұрған бюджеттік басқару органдарынан трансферттер	20 695 628,0
			Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	20 695 628,0
02	01	01	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	511 685 964,0
			Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	511 685 964,0
Функциональдық топ	01	01	Бюджеттік бағдарламалардың ішкісісі Бағдарлама	
			Атауы	
01	01	01	2 Шығындар	622 717 293,2
			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 957 835,7
110	001	001	Облыс мәслихатының аппараты	186 059,0
			Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	185 059,0
003	001	001	Мемлекеттік органның күрделі шығындары	999,0
			Облыс әкімінің аппараты	4 450 670,0
120	001	001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 355 173,0
			Ведомстволық бағынатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	630 991,0
009	001	001	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	464 506,0
			Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	349 150,0
265	001	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	349 150,0
			Облыстың дін істері басқармасы	382 918,5
001	001	001	Жергілікті деңгейде дін істері саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	133 691,0
			Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	288 754,0
282	001	001	Облыстың тексеру комиссиясы	395 167,0
			Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	368 313,0
003	001	001	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	26 854,0
			Облыстың экономика және қаржы басқармасы	652 746,0
299	001	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	600 478,0
			Жекешелеуді, коммуналдық меншікті басқару, жекешелеуді кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 717,0
061	001	001	Мемлекеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелеу әріптестігі, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттама сарптау және бағалау	7 200,0
			Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	43 351,0
718	001	001	Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	288 754,0
			Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	288 754,0
752	001	001	Облыстың қоғамдық даму басқармасы	252 372,2
			Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	252 372,2
02	075	001	Қорғаныс	2 713 485,1
			Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы	1 750 671,1
296	001	001	Жергілікті деңгейде жаңа аумақтарды ашып, саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	85 521,0
			Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	13 279,0
005	001	001	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	288 976,0
			Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғаныс	242 788,0
014	001	001	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	874 842,1
			Ведомстволық бағынатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	245 265,0
032	001	001	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	956 038,0
			Аумақтық органның және ведомстволық бағынатын мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	556 402,0
002	001	001	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	399 636,0
			Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 776,0

010	010	010	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	6 776,0
03	001	001	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	14 029 036,2
			Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	13 951 077,5
252	001	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 618 377,5
			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 332 700,0
288	001	001	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	77 958,7
			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	77 958,7
04	120	001	Білім беру	307 615 809,8
			Облыс әкімінің аппараты	14 706,0
019	001	001	Сайлау процесіне қатысушылардың оқыту	14 706,0
			Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 488 696,3
253	003	003	Қаңтардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	144 904,4
			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 176 908,9
043	001	001	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	166 883,0
			Облыстың білім басқармасы	262 213 966,7
261	001	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	809 955,9
			Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 963 854,1
004	001	001	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру үлгісін ақпараттандыру	324 127,3
			Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік жөндеулерді сатып алу және жеткізу	1 830 157,6
006	001	001	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды жалпы білім беру	3 166 205,4
			Облыстың денсаулық сақтау басқармасы менкеңес оқиміндаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	167 077,0
007	001	001	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	766 797,8
			Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оналту және әлеуметтік бейімдеу	791 805,9
011	001	001	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	92 069,0
			Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары қоректішітері үшін гранттар асыру	34 000,0
019	001	001	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	16 442 292,6
			Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемделу	997 765,6
029	001	001	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Үлгі» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қаржылан біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	237 764,0
			Ведомстволық бағынатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 813 367,0
055	001	001	Мемлекеттік бастауын, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	129 492 319,0
			Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтаруды қамтамасыз ету	350 352,8
085	001	001	Байқаныр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	4 202 404,8
			Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) қамқорлау	274 720,0
087	001	001	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларды медициналық қызмет көрсетуі ұйымдастыру	7 532 030,9
			Мектепке дейінгі ұйымдары мемлекеттік білім беру танысырмын іске асыру	42 930 474,0
202	001	001	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	41 465 789,0
			Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы	11 858 130,6
768	006	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	11 040 515,7
			Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттың дарынды балаларды жалпы білім беру	817 614,9
288	001	001	Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	32 040 310,2
			Бастауын, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 259 975,0
069	001	001	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 599 279,7
			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 475 917,0
099	001	001	«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауын, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	22 914 138,5
			Денсаулық сақтау	19 154 815,8
253	001	001	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	11 903 402,5
			Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	354 777,6
006	001	001	Ана мен баланы қорғау жөніндегі қорғалатын қызметтер	500 544,0
			Сәулетті өмір сүлтіп нысандау	84 046,7
007	001	001	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	322 233,8
			Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жою жүзүмен қамтамасыз ету	67 234,0
016	001	001	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	50 459,0
			Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің әлеуметтік қолдау	37 012,0
027	001	001	Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 969 939,0
			Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	67 783,0
029	001	001	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	6 669 921,4
			Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық қызметін қамтамасыз ету және оларды медициналық қызметті қолемін қорыту, Сап-орталықтарында қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	460 444,5
039	001	001	Облыстың жергілікті өкілдік органдарының қызметін қамтамасыз ету және оларды медициналық қызметті қолемін қорыту, Сап-орталықтарында қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	636 701,5
			Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық қунарлылық төмендеуге арналған іс-шараларды жүргізу	697,0
041	001	001	Қаржы лизинг шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызметті көрсетуі талпау ететін медициналық ұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	831 609,0
			Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	7 251 413,3
042	001	001	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	7 251 413,3
			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	30 055 367,1
06	256	001	Облыстық жұмыспен қамту жұмыс жасау және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	29 307 538,3
			Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	251 719,0
001	001	001	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік қызметтер	711 678,4
			Көзге алынатын медициналық қызметтер	711 678,4
002	001	001	Көзге алынатын медициналық қызметтер	711 678,4
			Көзге алынатын медициналық қызметтер	711 678,4
003	001	001	Мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 275 807,0
			Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 131,6
007	001	001	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 317 536,7
			Оңашту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 026 601,8
014	001	001	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	88 790,0
			Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	170 002,7
018	001	001	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	9 399,0
			Қолданылатын импланттарға дәлел сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	88 790,0
046	001	001	Еңбек мобилілігін арттыратын мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	1 171 523,8
			Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдеу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақау төлеу	82 332,9
066	001	001	Ведомстволық бағынатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	433 720,5
			Жұмыспен қамту бағдарламасы	17 940 970,5

069	001	001	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	9 968,0
			Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 844 816,5
113	061	001	Облыстық денсаулық сақтау басқармасы	695 577,0
			Жетім балаларды, ата-анасын қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеумет	



## ТАРИХТЫҢ КЕМЕСІНДЕ, АЛПЫСТЫҢ БЕЛЕСІНДЕ

Елді мекен кіреберісінде орналасқан газ құю бекетін жеке кәсіпкер Мейрамбек Уәлиұлы салып берді. Бүгінде газ құю бекетінің игілігін ауыл халқы көруде, жақын маңдағы ауыл тұрғындары үшін де маңызды зор. Ардагерлер жана нысандардың ел игілігіне айналғанына алғыс айтып, бата берді.

Онан соң клуб үйінде «Тарихы кенен, бірлігі бекем Інкәрдәрия» тақырыбында тарихи-танымдық конференция өтті. Конференцияға аудан әкімі Берік Сәрсенбаев, Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы Ибадулла Құттықожаев, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары, халық қалаушылары, ауыл тұрғындары қатысты.

Танымдық конференцияны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Габит Тұяқбаев жүргізіп, ауыл тарихына тоқталды.

Тағылымды іс-шарада аудан әкімі жиналған қауымды мерейтоймен құттықтап, атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті.

— Мемлекет басшысының тапсырмасымен, облыс әкімі Қызылорда Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен аймақта жарқын жұмыстар атқарылып жатыр. Аймағымыз бүгінде қарқынды құрылыс алаңына, өркенді өзгерістердің ордасына айналды. Әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі көрсеткіштерінде он серпін сақталып, облысымыз республика бойынша алдыңғы қатарда тұрғандық. Бүгінде Сырдария ауданы да әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарқынды даму үстінде. Оның ішінде «Інкәрдәрия» ауылының әлеуеті жақсарған.

Ауыл сонау 1964 жылы қарақол қой шаруашылығын дамыту мақсатында құрылды. Сол жылдары Тұрғанбай Әбдіразақов, Әбілмәжін Отепов, Әбіш Әбдіхалықов секілді азаматтар шаруашылықтың қазіргі орнын дұрыс деп тауып, іргесін қалауға атсалысқан. Мұнда «Аққарма», Оспан Мәлібаев, Сәкен Сейфуллин елді мекендерінен малшылар мен шопандар қоныс аударып, «Қызылқұм» қойнауында тұрақтаған. Содан бергі 60 жыл ішінде совхоз кооператив, шаруашылық кезеңдерінен өтіп, бүгінде берекелі елді мекенге айналды. Іргелі «Інкәрдәрия» ауылын ұлтжанды азаматтар басқарды. Қожабай Исаев, Құрман Ысқақов, Асарбек Тәуекелов, Әбдіразақ Байманов, Жарқынбек Асылбеков және басқа да еңбек адамдары ауыл дамуы жолында қажырлы қызмет етті. Жүрт дегенде жұмылған ардақты азаматтар ауылдың қалыптасуындағы қиыншылықтарды іскерлікпен көтере білді. Олардың жарқын істерін кейінгі ұрпақ табысты жалғастырып келеді. Бүгінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен жетістіктер бар. Мемлекет басшысының тапсырмасымен, аймақ басшысының қолдауымен елді мекенде әлеуметтік нысандар жаңарды, көшелер жөнделді. Кейінгі жылдар ен-

шісінде ауыл әкімдігі ғимараты, 150 орындық ауылдық клуб жаңадан салынды және дәрігерлік амбулатория күрделі жөндеуден өтті. Көшелер жөнделіп, жарықпен қамтамасыз етілді. Сапалы ауызсу тәулік бойы ағып тұр. Биыл «Інкәрдәрия» ауылына қосымша барлау-өндірістік ұңғымасын орнатуға аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілді. Мұның барлығы — ауылда өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар. «Қызылқұмдағы» құтты мекеннің бүгінгі тыныс-тіршілігі көңілге қонымды. Ауылдық округ дамуында дағдылы жолмен өркендетке қарай бет түзген. «Інкәрдәрия» ауылының халқы еңбеккеш. Тұрғындар ала жаздай егін, бақша егіп, атакәсіп — мал шаруашылығымен тұрақты айналысады. Ауыл халқын 60 жылдық мерейтоймен құттықтай отырып, «Інкәрдәрия» ауылының болашағы жарқын, тіршілігі байанды болсын деп тілек білдіреміз, — деді Берік Сәрсенбаев.

Конференция барысында Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы, философия ғылымдарының кандидаты Ибадулла Құттықожаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, география ғылымдарының кандидаты, профессор, «Тарихы кенен, бірлігі бекем Інкәрдәрия» тарихи-танымдық кітабының авторы Қали Омаров, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Айтжан Оразбаков, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Бақыт Қалиев, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінң директоры, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Абайбек Жүнісов мерекелі құттықтауларына жеткізді және елді мекеннің тарихына тоқталып, еңбек адамдары туралы хабарлама жасады.

Танымдық іс-шара соңында «Тарихы кенен, бірлігі бекем Інкәрдәрия» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Мерекелік шара Ұлы Отан соғысының ардагері Әбді Омаровтың ұрпақтарының демеушілігімен ашылған ауылдың 60 жылдық мерейтойына орай бой көтерген Әбді Омаров атындағы жастар саябағында мерекелі концертпен жалғасты. Іс-шарада аудан әкімі тұрғындарды құттықтады. Ауылдың өсіп-өркендеуіне, көркеюіне атсалысқан бірқатар азаматтар марапатталды.

Бұл күні ауыл аспанында ән әуелеп, жыр қалықтады. Еңбектен шыныққан жастар қол күресі, қосқар көтерулерін бас сынасқа, шабандоздар қосқар тартты. Ұлттық спорттық ойындар тойшыл қауымның делесінін қоздырып, мерейтой мазмұнын арттыра түсті.

Тойға жиылған қауым түстен кейін клуб үйінде ақындыр айтысын тама-шалады. Үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов бастаған алты ақын алпыс жылдығын атап өтіп жатқан ауылды арқау етіп жыр тиегін ағайтты.

Мерейтойлық шара кешке республика, облыс, аудан әншілерінің қатысуымен өткен гала концертпен қорытындыланды.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

1-бет.



## «ТАЛСУАТТАҒЫ» РУХАНИЯТ ОШАҒЫ

Қала іргесіндегі «Талсуат» ауылдық клуб үйінің жұмысы жанданып келеді. Ұлт руханиятының, мәдениеттің шырағын жаққан мекеменің істері ауқымды.

Бұрын ауылдардағы клуб үйі шағын, ескі ғимаратта орналасты. Концерт, кино көруге болатын. Күнделікті бас сұғатын адам жоқтың қасы еді. Кейде аудан орталығынан келген өнерпаздар концерт қойып кететін. Қазір жағдай өзгерген. Келушілер қатары артқан. Қайнаған тіршілік. Бірі кітапханаға, енді бірі үйірге, дайындық жұмыстарына келеді. Адам қарасы үзілмейді.



Бюджет қаржысына мәдениет үйлері жаңғыртылып, кітапхана, колонер, отбасы бұрыштары жасакталды. Кейбірінде дыбыс жазу студиялары ашылған. Ауыл балаларының уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірмелер жұмыс істейді. Текемет басу, тоқыма тоқу, ұршық иру сынды ата-бабадан келе жатқан колонерді сақтап қалу үшін жұмыс атқарылады. Нәтижелі істердің арқасында дарынды өнерпаздар байқаларда топ жарып, ауыл мерейін үстем етуде.

Осы орайда «Талсуат» ауылдық клуб үйінің жеткен жетістіктері аз емес. Бұл жайында клуб үйінің директоры Айнагүл Жайдариева кеңінен айтып берді.

— «Адал адам» мәдени-тәрбие беру орталығы жобасы мәдениет үйлері мен клубтардың жанынан ашылған. Жобаның мақсаты — елді мекендердегі халықтың мәдениет нысандарына қолжетімділігін арттыру, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытында шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру. Жобадан «Кино ТІМЕ», «Әлем ВООК», «Арт уақыт», «Отбасы шуағы», «Еріктілер тобы», «Сыр сұхбат», «Креативті хабар» және арнайы мамандардың қатысуымен медиация, кеңес беру бағыттары қарастырылған. Осы бағыттар бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Талант та, дарын да ауылдан шығады. Өнерлі жастар өсіп келеді. Біз де өз кезегімізде осындай дарынды балалардың шығармашылығын шыңдау мақсатында аябай еңбек етудеміз. Нәтижесі жаман емес. Жетістікке жеткен өнерпаздар көп, — деді клуб директоры.

Жыл басынан бері «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының 7 бағыты бойынша 83 іс-шара ұйымдастырылған. «Арт

уақыт» клубы бағыты бойынша 2 шығармашылық үйірме қосылды. Олар — «Ақкербез» би үйірмесі және «Алақай» балалар қуыршақ театры. Құрамына талантты жастар шоғырланған. Құлш Жанахметованың текшілігімен құрылған театр «Жеті лақ» ертегі-қойылымының премьерасын қойып, көпшілік көңілінен шықты. Қазір «Ит пен мысық» ертегісіне дайындық үстінде.

Клубта 6 үйірме жұмыс істейді. Оның ішінде «Жас дәурен» ән, «Әсем әуен» дәстүрлі ән, «Ақкербез» би, «Ана тілі — жүрек үні» көркемөз оқу шеберлері, «Ісмер» колонер, «Ақ өже» әжелер ансамблі, «Талсуат еріктілері» еріктілер тобы бар. Үйірмеге қатысушылар — ауыл өнерпаздары. Олар мәдени іс-шараларға белсене қатысып келеді. Мәселен, «Жас дәурен» ән үйірмесінің өнерпаздары XVI республикалық «Tant art» өнер байқауына қатысып, жас әнші Жәнібек Жақия бас жүлдені, Жайсаң Рамазан I орынды жеңіп алды. Республикалық «Жарқын болашақ» ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдасты-

руымен өткен VII республикалық «Жарқын жұлдыз» балалар өнер байқауында Жайсаң Рамазан II орынды, «Айғаным» шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен өткен I республикалық «Stamen» өнер байқауында Шынболат Жәнібеков I орын иегері атанды. Ал «Әсем әуен» дәстүрлі ән үйірмесінің өнерпаздары XVI республикалық «Tant art» өнер байқауында бас жүлдені еншіледі. Сондай-ақ клубтың жас өнерпазы Аружан Болат пен Гүлназ Еділбаева XXVI облыстық «Бозторғай» конкурсына қатысып, дипломант атанды. «Ақкербез» би үйірмесі республикалық «Жұлдызды сәт» байқауына қатысып, олжалы оралды. Балалардың бәрі де дарынды. Олар клубта күнделікті дайындық жұмысын

қайырымдылық акциялары ұйымдастырылуда. Ал «КиноТІМЕ» көрерменге жас ерекшеліктеріне байланысты кино фильм және мультфильмдер ұсынады. «Әлем ВООК» жобасы аясында ауылдық клубта оқырмандар клубы және ақын Ақжол Түменбайдың жетекшілігімен жұмыс жасайтын «Рух» жас қаламгерлер клубы құрылған. Бүгінде дейін жастар арасында «Жырлайды жүрек», «Абай даналығы жас ұрпаққа», «Сенбес сәулесі» және тағы да басқа қазақ жазушыларының шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш өткізіліп, саясаткер, өлкетанушы Сағат Жүсіптің «Талсуат» атты кітабының тұсауы кесілген. «Әлем ВООК» атанған руханият ордасында 10 983 кітап қоры бар. Оның 7411-і қазақ тілінде.

«Талсуат» ауылдық округі әкімі аппаратының қолдауымен ауыл мәдениеті мен өнерін дамыту, клубтардың жұмысын уақыт талабына сай түрлендіру, үйірме жұмысын жүйелі ету мақсатында «Жүйелі жұмыс — нәтижелі жетістік» атты қалалық мәдениет қызметкерлерінің тәжірибе алмасу семинары өтті. Клуб жұмысының озық тәжірибелері жаңа бағыттарын игеру, мамандардың біліктілігін жоғарылату мақсатында тиімді шаралар атқарылады.

Халықаралық, республикалық, облыстық және қалалық байқаулардан ауыл өнерпаздары олжалы оралуда. Мәселен, жақында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Мәдина Ералиеваның 70 жылдығына арналған «Қазақтың Ақбабы» атты облыстық және Республика күніне орыналып «Қазақстан — туған елім, туған өлкем» атты қалалық патриоттық ән байқауына қатысқан Әйгерім Шүкірова I-орынды жеңіп алды. Ал VIII Халықаралық балалар, жасөспірімдер және жастардың «Әсем әуен» домбырамен ән айту үйірмесі I-орын иемденді. Қызылорда қаласында өткен республикалық «Жұлдызды сәт» балалар байқауына қатысқан би үйірмелері топ жарып, Дубайға жолдама жеңіп алды. Бұл бағыттағы нәтижелі жұмыстар өз ретімен жалғаса бермек.

Клуб үйінің директоры Айнагүл Жайдариеваның айтуынша алда әлі атқарылар іс көп. Соның бірі — этноауыл жобасы. Онда түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен дәстүрі дәріптеледі. Жоба тиісті мекемелерге ұсынылған. Қолдау тапса жарқын бастаманың бірі болары сөзсіз.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН!!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «28» қараша 2024 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді/ АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «28» ноября 2024 года на повышение и понижение.

№ р/п п/п	Объектнің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны/ Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Двухкомнатная квартира/ 2 бөлмелі пәтер	г. Қызылорда, ул. Паримбетова д. 2, кв. 38/Қызылорда қаласы, Паримбетов 2 үй, 38 пәтер	Общей площадью — 48,9 кв.м., жилой площадью — 28,80кв.м./ жалпы ауданы 48,9 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы — 28,80 ш.м.	8 918 920 тенге/ тенге	445 946,00 тенге/тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күнен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Байтұрсынұлы көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-да сауда-саттық өткізуден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗХ, ИИК КЗ21856000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын — Қызылорда қ., Байтұрсынұлы к-сі. 54.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 — 15 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға — Смайыл М.Ө. Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79212, 87479358394.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Қызылорда, ул. Байтұрсынұлы 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Получена цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗХ, ИИК КЗ21856000000274901.

Место проведения торгов — г. Қызылорда, ул. Байтұрсынұлы 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 — 15 часов 00 минут.

Доверенное лицо — Смайыл М.Ө. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел.: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79212, 87479358394.

## Есің болса, есірткіге жолама

Өмір сүру кереметі ғаламның, Ұғымда болу керек адамның, Салауатты өмір салтын ұстану, Түпкіріне сақталды сананың. Жақында ішкілікке, араққа, Жан дүниенің сала көрме азапқа, Арақ деген атамздың асы емес, Жас өмірің байланысың шарпақа. Темекіні ішке тартып тұншығып, Қызылқасым құмарланып, құлшынып, Денсаулығың зор байлықты бағалап, Өткіз өмір спортпенен шынығып, Салауатпен өткеріп әр күнін, Жетістікке жетілеп әл білімді, Жамандыққа жолама жастайыңнан, Есірткіге арнама өмірдің, Нашакор боп атағың танылмасын, Қуш-жігерің тасқа тиіп шағымдасын, Жайқалған жасыл

құрақ шыбығында, Тамырына балта тиіп шабылмасын.

Жұлдызай БАЗАРБАЕВА,  
№185 орта мектептің  
10-сынып оқушысы.  
Қармақты ауданы,  
Т.Кемекбаев ауылы

www.facebook.com/syrboi.kz/

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)  
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефоны нөміріне хабарласуға болады.